



Түлкіева Б.Ә.

**ҚАЗАҚСТАНҒА
ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН
ХАЛЫҚТАР**

Одним из тягчайших преступлений тоталитаризма является депортация народов. Данная статья рассматривает вопросы насильственного переселения народов в Казахстан.

One of the more distressing crimes of totalitarianism is a people's deportation. Given article considers the questions of violent transmigration the people in Kazakhstan.

Бұрынғы Кеңестер Одағы мемлекетінің тарихында халықтарды күштеп қоныс аударту мәселесі маңызды орын алды. 1930 – 1950 жылдары халықтар негізінен Сібірге, Орта Азия мен Қазақстанға қоныс аударылды. Елдің осы аймақтарында, соның ішінде Қазақстанда, этникалық азшылықтардың өзінше бір ареалы құрылды. Тоталитаризмнің ең бір ауыр қылмыстарының бірі ретінде саналатын, бұл, халықтарды депортациялау, олардың этно-элеуметтік және территориялдық бірлігін күштеп қирату болып табылады.

1937 жылы Қазақстанға Қиыр Шығыстан кәрістер қоныс аудартылды. Қазақстан кәрістері, өз уақытында, Кореяның солтүстік бөлігінен Ресейге жақсы тұрмыс іздеп келген мигранттардың ұрпақтары болып келеді. Олар Ресейдің Қиыр Шығысына жақсы қоныстанып, үйреніп қалған болатын. Кәрістердің орыс Қиыр Шығысына иммиграциясы өткен ғасырдың 60 – шы жылдарының ортасында басталады.

Кәрістердің Оңтүстік – Уссурийск өлкесіне көшіп келуі туралы ең алғашқы ресми мәлімет, 1863 жылы 30 желтоқсанда келіп түседі: поручик Резанов Приморск өлкесінің әскери губернаторы П.В. Казакевичке жасаған өзінің баяндамасында былай деп көрсетеді «бірнеше кәріс шаруалары Новгород постының бастығынан орыс жеріне көшіп келуге рұқсат сұрайды, алайда олардың көшіп келген жерлеріне, ең болмағанда, олардың қауіпсіздігі үшін 5 солдатты тұрғызатын орыс үйін салу керек» делінген [1].

Кәрістердің шын мәніндегі эмиграциясы , яғни кәрістердің өз отандарынан жаппай көшуі, дәл сол жапон протектораты кезеңінде басталды, ал кеңінен жүргізілуі Жапонияның Кореяны аннексиялағаннан кейін болды.

Осылайша кәрістер қазіргі Қиыр Шығыс өлкесіне қоныстанды, ал XX ғасырдың 30 – шы жылдарының ортасына қарай олардың саны 200 000 адамға жетті.

Соңынан кәрістер Кеңестер Одағының барлық территориясына орналасты. Олар өздерінің үйренген тұрмыс-салтын жоғалтып қана қоймай, сонымен бірге өз ана тілінде сөйлеу құқығынан айрылды, дәстүрлерін сақтауға, тұратын мекен – жайды таңдауға, кәріс есімдерін иемдену құқықтарынан да шеттетілді.



Кейінгі жылдарда депортацияға басқа да ұлт өкілдері ұшырайды: поляктар, шешендер, ингуштар, қарашайлар, балкарлар, қырым татарлары, гректер, түрік – месхетиндер, күрдтер, тәжіктер, башқұрттар, дүнгендер, азербайжандар, немістер, белорустар, украиндар және т.б.

Кәрістердің қоныс аударуы - КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П – ның 1937 жылғы 21 тамызындағы «Қиыр Шығыстың шекаралық аймақтарынан кәріс ұлтының өкілдерін көшіру туралы» В.Молотов пен И.Сталин қол қойған құпия Қаулысы қабылданып, сол Қаулының негізінде жүзеге асты. Қаулыда былай деп жазылды: Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарының барлық тұрғындарын Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі ауданына, Балхаш ауданына және Өзбек ССР – іне қоныс аударту; Қоныс аударуды 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін бітіру керек және де Қазақ ССР және Өзбек ССР Халық Комиссарлары Кеңестеріне міндеттеме берілу керек, олар орналасатын аудандар мен елді мекендерді анықтап, қамтамасыз етулері керек делінген.

Сөйтіп, депортацияланған халықпен лық толған эшелондар Қазақстан мен Өзбекстанға жол тартты. Эшелон орташа алғанда, 50 адам вагонынан, 1 «класстық» (жолаушы), 1 санитарлық, 1 вагон – кухня, 5-6 жабық жүк вагоны және 2 ашық платформадан тұрды. 1937 жылы Қазақстанға 90 эшелон кәрістер, 20 789 отбасы, 98 454 адам көшірілді [2].

1938 жылы Қазақстанда өз алдына 70 кәріс колхоздары құрылды; олар республиканың 8 облысында – Қызыл – Орда, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Гурьев, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстанда және 21 ауданда орналасты. Бұларда 8037 отбасы, 35 724 адам, 13 шаруашылық - балық аулау шаруашылығы, қалғандары ауыл шаруашылығы бағытында болды [3].

Ал келген жерлеріндегі елді мекендерде климатқа байланысты жылы тұрғын үйлер жетіспеді, 7-9 адамнан тұратын жанұяға кішкентай ғана ас үйі және бір шағын бөлмесі бар үйлер берілді [4].

1938 жылғы 15 қарашадағы мәлімет бойынша, Өзбекстанға барлығы 16 453 отбасы, 74 206 адам кәріс қоныс аударған. Осы отбасылар санынан колхоздарда 10 946 шаруашылық құрылған [5].

Ұлы Отан соғысының басталуымен байланысты ең бірінші, Поволжье ауданында тұратын немістер депортацияланды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Поволжьедегі неміс автономиялы облысын жою туралы», «Поволжьедегі немістерін Қазақстанға орналастыру» және «Грузиядан, Азербайжаннан және Армян ССР – інен немістерді қоныс аударту» деген қаулылары шықты. Депортацияға КСРО территориясындағы неміс ұлтының барлығы ұшырады.

1941 – 1942 жылдары 1 209 430 неміс ұлты көшірілді. Оның ішінде Қазақстанға 225 мыңнан 350 мыңға дейін неміс ұлты қоныс аударды. Ал басқа дерек көздері бойынша соғыс уақытында Қазақстанға 420 мыңнан астам неміс халқы көшірілген дейді [6]. Олардың негізгі орналасқан аймағы Солтүстік және Орталық аймақтар болды. 1942 – 1943 жылдары құрылысқа, көмір, мұнай өнеркәсіптеріне және НКВД лагерьлеріне 103 733 немістер жіберілген.

XIX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап Жетісу облысы аумағына Орталық Ресей губернияларынан келген орыс, украин, белорусь шаруаларымен бірге шетелдік және Ресейдің шет аймақтарынан, атап көрсетсек, Шығыс Түркістаннан, Қытайдан қашқан ұйғырлар мен дүнгендер қоныс аударды.

Жетісу облысына Құлжа өңірінен қоныс аударған ұйғыр және дүнген шаруалары сан жағынан басым болды. Қоныстанушылардан жаңадан 5 болыс: Жаркент және Кетпен, Ақсу – Шарын, Малыбай және Қарасу болыстары құрылды [7].

Дүнген және орыс шаруалары Жетісуда егіншіліктің кеңеюіне бірден – бір ықпал етті.

1897 жылғы жалпы халық санағының мәліметтері бойынша, Жетісу облысында 55 999 ұйғыр тұрған [8]. Дүнгендер мен ұйғырлар бау – бақша өсірумен айналысты.

Қазақстан өткен ғасырдың 30 – 40 – жылдарында ондаған халықтардың күштеп қоныс аудару орталығына айналды. Осыған байланысты тек қазақ халқының қонақжайлылығы, ыстық ықыласы мен көмегінің арқасында миллиондаған репрессияға ұшыраған халық өкілдері келген жерлеріне сіңісіп, тамыр жайып, Қазақстан олардың екінші Отанына айналды. Бүгінде көптеген ұлттардың басын құрайтын Қазақстан мемлекетінің саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік – экономикалық дамуына олардың ұрпақтары өздерінің сүбелі үлестерін қосуда.



Әдебиеттер:

1. Ли А.Н. Корейская диаспора в Казахстане / <http://www.Google.com/search?hl=ru>.
2. Кан Г. Корейцы в Казахстане: депортация и обретение новой родины / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс» - «Қазақстан», 1998. - с. 117.
3. Сонда, 125 - б.
4. Сон Ёң Хун. Кәрістердің Қазақстанға келуі // Ақиқат, 2010, № 4. – 28-29 бб.
5. Ким Г.Н. Депортация. Расселение и обустройство депортированных корейцев в Казахстане и Узбекистане. / <http://www.Google.com/search?hl=ru>.
6. Калыбекова М.Ч. Депортация немцев в Казахстан // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, № 1 (56). 2010. - 102 – 105 – бб.
7. Жақаш Д.Б. Жетісуға Шығыс Түркістан халықтарының қоныс аударуы және өлкенің әлеуметтік дамуына тигізген әсері // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, № 1 (56). 2010. - 86 – б.
8. Кудайбергенова Ж.А. Об иммиграции уйгуров в Казахстан в конце XIX века // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, № 4 (55). 2009. - 88 – б.